



СӨЖ

Тақырыбы: Науқастарға веналардың
өткізгіштігін анықтайтын
сынамаларды жүргізу

Қабылдаған:

Орындаған :

Тобы:

ЖОСПАРЫ

КІРІСПЕ

Негізгі бөлім

- 1. Аяқтың варикозды кеңеюі жайлы жалпы түсінік*
- 2. Аяқтың варикозды кеңеюі клиникалық көрінісі*
- 3. Аяқ веналарына жүргізілетін функционалды сынамалар*

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе


Варикозды кеңею дегеніміз – веналардың тұрақты түрде кеңеюін және қабырғаларының патологиялық өзгерістерін айтады. Мұнымен бірге веналық қан айналуы бұзылады және аяқта трофикалық өзгерістер дамиды. Жалпы алғанда көптеген зерттеулер анықталғаны: венаның варикозды кеңеюі кең тараған хирургиялық аурулардың бірі болып табылады.

A Қалыпты вена



KazMedic.kz

B Варикозды кеңейген вена



Көбінесе варикозды веналардың кеңеюі алғашқы кезеңдерде клиникалық симптомсыз өтеді және аурудың субъективті сезімі байқалмайды. Аурудың объективті белгілері, оның ішінде көзге айқын көрінетін веналардың кеңеюі жиі жағдайда аурудың дәрігерге айтар шағымдарынан әлдеқайда бұрын байқалады. Ауру сезімі кешке қарай қозып, таңғы уақытта басылып қалады. Аяқ терісі күңгірттенеді және қара қоңыр түске айналады, сол жер дымқылданады. Сан веналары көк түсті ал пішіні цилиндр тәрізді иректелген болады. Саусақтармен басқан кезде концистенциясы жұмсақ, кейбір жерлерде қатайған тромбтар болады. Вена қақпашаларының қызметін арнайы сынамамен тексереді.




Функционалды сынамалар

Беткей веналардың сынамалары	Терең веналардың сынамалары	Коммуникантты веналардың сынамалары
Тренделенбург	Дельбе	Шейнстың 3 жгутты сынамасы
Гаккенбурх	Пертес	Тальман
Троянов	Пратт 1	Пратт 2


Троянов-Тренделенбург сынамы

Науқас жатқан күйінде аяғын 45 градус бұрышта жоғары көтереді. Дәрігер науқастың аяқтарын табаннан шапқа қарай сипалап, варикозды кеңейген беткей веналарды босатады. Сосын санның жоғарғы $1/3$ -не жұмсақ резеңке жгут қояды н/е сопақша шұңқырда- үлкен теріасты венасының сан венасына құятын жерінде үлкен теріасты венасын саусақтармен басады. Науқастың тұруын өтінеді. Қалыпты жағдайда балтыр веналарының толуы 15 секунд ішінде болмайды. Ал веналардың төменнен жоғары қарай тез толуы қанның коммуникантты веналардан олардың клапаны жеткіліксіздігі нәтижесінде келгенін көрсетеді. Ал сан және балтыр веналарының төменнен жоғары қарай тез толуы үлкен теріасты венасының тармағының клапаны және остиальды клапанының жеткіліксіздігін көрсетеді, бұл біріншілік варикозды кеңеюге тән.



Гаккенбрух сынамасы.

Дәрігер науқас санында сопақша шұңқыр- үлкен теріасты венасының сан венасына құятын жерін сипап, жөтелуін өтінеді. Остиальды клапан жеткілігі кезінде дәрігер саусақтары қан соққысын сезеді (положительный симптом кашлевого толчка).



Дельбе пертес сынамы


Сан бөлігіне жгут салып, ары бері қозғалтады сол кезде қантамырларының өткізгіштігі төмендесе науқаста ауырсыну болады.



Проба Дельбе-Пертеса.

Практика-1 сыналасы.

Балтыр айналымын өлшеп болған соң(сол жерді белгілейді,қайта өлшеуді дәл сол жерде жасау үшін) науқасты арқасына жатқызады,және тамырларды бойлай сипалап босатады.Аяққа төменнен бастап теріасты вена-ы қысу үшін тығыз эластикалық бинт салады.Сосын науқасқа 10 мин бойы жүруін өтінеді. Балтыр бұлшықеттерінде ауырсыну пайда болуы терең веналар өтімсіздігін көрсетеді.Жүрген соң қайта өлшегенде балтыр айналымы ұлғаюы өтімсіздікті нақтылайды.



проба Пратта

Пратта-2 сынамасы.

Науқас жатқан күйінде теріасты веналарын аяғына босатқан соң, табаннан бастап беткей веналарды қысатын резеңке бинт салады. Ал санға шап қыртысы астынан жгут салады. Науқас тұрған соң дәл жгут астына 2ші резеңке бинт салады. Содан кейін 1ші төменгі бинтті ақырын шешеді, ал жоғарғы бинтпен аяқты төменге қарай бинттер арасында 5-6 см аралық қалатындай етип орайды. Бинтпен оралмай бос жатқан аймақтағы варикозды түйіндердің тез толуы бұл жердегі клапаны жеткіліксіз коммуникантты веналар барын көрсетеді.

Шейнистің 3-жгутты сынамасы.

Науқасты арқасына жатқызып аяғын 45градуска көтеруін сұрайды.Теріасты веналар босаған соң 3 жгут салады: санның $1/3$ -не-шап қыртысы маңында,санның ортасына және бірден тізеден төмен.Науқастың тұруын өтінеді. Жгуттармен шектелген аяқтың қандай бір аймағында веналардың тез толуы бұл сегментте клапаны жеткіліксіз коммуникантты веналар барын көрсетеді. Балтырдағы варикозды түйіндердің тез қанға толуы жгуттан да төмен осындай веналар барын көрсетеді. Балтыр бойымен төменге жгутты жылжыта отырып, ондай клапаны жеткіліксіз коммуникантты веналардың нақты локализациясын анықтауға болады.

Тальман сынамасы –Шейнис сынамасының модификациясы.

Тек мұнда 3 жгут орнына жұмсақ резеңке түтікшеден жасалған 2-3 м бір ұзын жгут алып, аяққа төменнен жоғарыға қарай спираль бойынша салады;жгуттың әр тармағы арасындағы қашықтық 5-6 см болуы қажет. Осы жгуттың тармақтарының арасындағы қай бір аймақта веналар толуы клапаны жеткіліксіз коммуникантты веналар барын білдіреді.

Дельбе-Пертес марш жасау пробасы.

Науқасқа тұрған күйінде теріасты веналар максимальды толғанда тізе буынынан төмен тек теріасты веналарын қысатын жгут салады.Сосын науқастың 5-10 мин бойы марш жасап жүруін өтінеді,егер бұл кезде варикозды түйіндер мен теріасты веналарында қан азайса(спадают), яғни веналар мен түйіндер кішірейсе, онда терең веналар өтімділігі сақталған.Егер жүргеннен кейін веналар босамаса,сынама нәтижесі күдікті,себебі бұл нәтиже әрдайым терең веналардың өткізгіштігі бұзылғанын көрсетпеуі мүмкін,керісінше кей жағдайда сынама дұрыс жүргізілмегенін білдіреді(қатты қысылып салынған жгутпен терең веналар қысылуы) н/е беткей веналардың босауына кедергі болатын шектен тыс склерозы болуымен байланысты болады.Сондықтан сынаманы қайталау қажет.



Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

